

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
кейбір шешімдеріне және Қазақстан
Республикасы Премьер-Министрінің
кейбір өкімдеріне енгізілетін
өзгерістер мен толықтыруларға
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2002 жылғы
15 ақпандағы № 222 қаулысымен
бекітілген

Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына рұқсат беру қағидалары

1. Осы Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына рұқсат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 29-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленген және шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына рұқсат беру тәртібін айқындайды.

2. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын іске асыру шеңберінде ғана Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Мемлекеттік құпияларды және олардың көздерін шет мемлекеттерге және (немесе) халықаралық ұйымдарға беру қағидаларында көзделген талаптарды сақтай отырып жіберіледі.

3. Шетел азаматтарына Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына рұқсат беру үшін шет мемлекеттің халықаралық шартта айқындалған уәкілетті органы шетел азаматтарына Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына рұқсат беретін мемлекеттік органның басшысына заңнамада белгіленген тәртіппен өтінішхат жібереді.

Өтінішхатқа шетел азаматының тиісті өкілеттіктерін растайтын және онда өз мемлекетінің құпиялылық деңгейіндегі құпия мәліметтеріне қол жеткізу құқығының бар екені туралы деректерді қамтитын куәлік қоса беріледі.

Азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына рұқсат алу үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына рұқсат алуды талап етілетін мемлекеттік органға жүгінеді.

4. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға мемлекеттік құпияларға рұқсат беру жүзеге асырылатын мемлекеттік органның немесе ұйымның басшысы нақты шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға мемлекеттік құпияларға рұқсат берудің мүмкіндігі мен орындылығын Қазақстан

Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарымен келіседі. Келісу мерзімі жиырма жұмыс күнінен аспауға тиіс.

5. Нақты шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға мемлекеттік құпияларға рұқсат беру мүмкін болмаған және ол орынсыз болған кезде келісуден бас тартылған жағдайда мемлекеттік органның басшысы заңнамада белгіленген тәртіппен шет мемлекеттің уәкілетті органына Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына рұқсат беруге басқа адамдардың кандидатураларын ұсыну туралы хабарлама немесе азаматтығы жоқ адамға мемлекеттік құпияларға рұқсат беруден бас тарту туралы хабарлама жібереді.

6. Келісу оң болған кезде Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының немесе ұйымының басшысы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға мемлекеттік құпияларға рұқсат беру туралы бұйрық шығарады. Әкімшіліктің, сондай-ақ шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың өзара міндеттемелері мемлекеттік құпияларға рұқсат беру туралы шартта көрсетіледі.

7. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға рұқсат беру туралы бұйрықта рұқсаттың қандай мерзімге берілгені, рұқсат қандай жұмыстарды орындау үшін берілетіні, шетел азаматы пен азаматтығы жоқ адам қандай нақты мәліметтермен танысуға тиіс екендігі, танысу рұқсат етілген мәліметтердің құпиялылығының ең жоғары белгісі туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

8. Шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамға мемлекеттік құпияларға рұқсат беру туралы бұйрықтың негізінде шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамға мемлекеттік құпияларға рұқсат беру жүзеге асырылатын мемлекеттік органның немесе ұйымның мемлекеттік құпияларды қорғау бөлімшесінің (бұдан әрі – МҚҚБ) қызметкерлері немесе мемлекеттік құпиялармен жұмыс үшін жауапты қызметкері (ұйымда МҚҚБ болмаған жағдайда) шетел азаматына және азаматтығы жоқ адамға құпиялылық режим талаптарын сақтау жөнінде нұсқама жүргізеді.

9. Нұсқама жүргізілгеннен кейін шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адам өзіне рұқсат берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын жария етпеу туралы жазбаша міндеттеме береді.

Жазбаша міндеттеме Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының немесе ұйымының мемлекеттік құпияларды қорғау бөлімшесінде шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларымен жұмысты тоқтатқаннан кейін кемінде бес жыл сақталады.

10. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға нақты рұқсат беру туралы ақпарат әр нақты жағдайда рұқсат берілген кезден бастап жиырма жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына жіберіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
кейбір шешімдеріне және Қазақстан
Республикасы Премьер-Министрінің
кейбір өкімдеріне енгізілетін
өзгерістер мен толықтыруларға
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2010 жылғы
8 маусымдағы № 538 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Данқ Кітабының сипаттамасы

Басылымның техникалық параметрлері

1. Форматы – 60x90/4 (А3)
2. Жолақтардың орналасуы – кітап түрінде
3. Көлемі – 125 шартты баспа парақтары
4. Мұқабасы – № 7 стандарт
5. Мәтіннің ішкі бейнелілігі – 4+0
6. Тілі – қазақ тілі

Басылымның көркемдік және техникалық безендірілуі

Кітап жіппен тігілген А3 (420x300 мм) форматындағы 500 беттен тұрады.
Мұқабаның материалы – былғары немесе DEPAR (Италия) былғары
алмастырғышы, түсі қоңыр-қызыл.

Мұқабаның алдыңғы бетінің жоғарғы бөлігінде ортада Қазақстан
Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі, сол жағында мұқабаның
түбіне жақын блинт тәсілімен батырылып жасалған ою-өрнек орналасқан.
«Қазақстан Республикасының Данқ Кітабы» деген кітаптың атауы алтынмен
бедерленіп мемлекеттік тілде жазылған.

Форзацында тангирге жинақталған және алтын түстес бояумен басылған
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының элементі орналасқан.

5 бояу пайдаланылған титулда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
Туы бейнеленген.

Кітап ішіндегі парағының жоғарғы бөлігінде Arial гарнитурасымен
19-кегльмен басылған «Қазақстан Республикасы» деген мәтін орналасқан. Сол
жағында 60x90 мм фотосуретке арналған жиектеме орналасқан.

Кітаптың ішкі беттеріне арналған қағаз – TINTERETTO (Италия), 150 гр/2.

Әрбір марапатталушыға 1 парақ бөлінеді, ол арнайы сиямен қазақ тілінде
қолмен толтырылады.

Қаптамасы DEPAR (Италия) былғары алмастырғышынан жасалған.
Мұқабаның алдыңғы бетінің жоғарғы бөлігінде ортада Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі, сол жағында блинт тәсілімен батырылып жасалған ою-өрнек орналасқан, «Қазақстан Республикасының Данқ Кітабы» деген мәтін алтын түстес хромдалған металл нақыштамамен жазылған.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің кейбір шешімдеріне
және Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің кейбір
өкімдеріне енгізілетін өзгерістер
мен толықтыруларға
3-қосымша

Қазақстан Республикасынан
халықаралық ұйымдарға жұмысқа
жіберілген, бұрын дипломатиялық
қызмет персоналы лауазымында
болған лауазымды адамдарға
ақшалай өтемақыны төлеу және
айырманы өтеу қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Анықтама

1. Халықаралық ұйым қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):

2. Халықаралық ұйымның атауы: _____
3. Халықаралық ұйымдағы лауазымы: _____
4. Есепті кезең: _____ бастап _____
дейін
5. Валюта атауы (АҚШ доллары/еуро): _____

Р/с №	Төлемдердің атауы	Халықаралық ұйымдағы төлемдер сомасы	Ескертпе
1	2	3	4
1.	Халықаралық ұйымдағы жалақының лауазымдық айлықақы мен белгіленген төлемдердің мөлшеріне бөлінген есепті кезеңдегі (ай сайынғы) мөлшері		
2.	Ақы төленбейтін және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің		

	кепілдік берілген көлемінің тізбесі бойынша шығыстар		
3.	Халықаралық ұйымның қызметкері лауазымға тағайындалған кезде халықаралық ұйымға жұмысқа жіберуге, жұмыс мерзімі аяқталғаннан кейін қайтаруға, сондай-ақ жыл сайынғы ақы төленетін демалыс беруге, отбасы мүшелері бірінің қайтыс болуына байланысты көліктік шығыстар		
4.	Балаларды оқыту бойынша шығыстар, оның ішінде:		
	мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша шығыстар		
	бастауыш білім беру бойынша шығыстар		
	негізгі орта білім беру бойынша шығыстар		
	жалпы орта білім беру бойынша шығыстар		
5.	Өкілдік керек-жарақ құнының жыл сайынғы ақшалай төлемі		
6.	Қазақстан Республикасынан халықаралық ұйым орналасқан елге және одан кері қарай (халықаралық ұйымдағы жұмысы аяқталған кезде) жол жүру кезінде әуежайлық, сақтандыру және комиссиялық алымдарды төлеуге, сондай-ақ қол жүгінің салмағын есептемегенде халықаралық ұйымның қызметкеріне және отбасының бірге жүретін әрбір мүшесіне жалпы салмағы 80 (сексен) килограмнан аспайтын, бірақ отбасына 240 (екі жүз қырық) килограмнан аспайтын багажды алып өтуге арналған шығыстар		

«Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 8, 9, 10, 11, 12 және 13-тармақтарында көзделген оқиғалар орын алған кезде қосымша			
7.			
	Барлығы:		

Халықаралық ұйымның қаржы қызметінің басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөр орны

Ескертпе:

Егер халықаралық ұйымда жоғарыда аталған шығыстардың кез келгені бойынша қаражат бөлек төленбесе және жалақының бір бөлігі болып табылса, бұл сома анықтамада да жеке көрсетіледі.

Анықтаманың берілгеніне халықаралық ұйымның қызметкері шет елдегі мекемеге айырманы өтеу үшін жүгінгенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен асып кетпеуге тиіс.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің кейбір шешімдеріне
және Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің кейбір
өкімдеріне енгізілетін өзгерістер
мен толықтыруларға
4-қосымша

Қазақстан Республикасынан
халықаралық ұйымдарға жұмысқа
жіберілген, бұрын дипломатиялық
қызмет персоналы лауазымында
болған лауазымды адамдарға
ақшалай өтемақыны төлеу және
айырманы өтеу қағидаларына
3-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесінің атауы
Төлемдерге өтінім

1. Халықаралық ұйым қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):

2. Халықаралық ұйымның атауы: _____

3. Халықаралық ұйымдағы лауазымы: _____

4. Есепті кезең: _____ бастап _____

дейін

5. Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесіндегі теңестірілген
лауазым: _____

6. Валюта атауы (АҚШ доллары/еуро): _____

Р/с №	Төлем атауы	Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесіндегі теңестірілген лауазым бойынша төлемдер сомасы	Халықарал ық ұйымдағы төлемдер сомасы	Бюдж ет қараж аты есебін ен өтетін айыр маны ң сомас ы

1	2	3	4	5
1.	Халықаралық ұйымдағы жалақының лауазымдық айлықақы мен белгіленген төлемдердің мөлшеріне бөлінген есепті кезеңдегі (ай сайынғы) мөлшері			
2.	Ақы төленбейтін және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі бойынша шығыстар			
3.	Халықаралық ұйымның қызметкері лауазымға тағайындалған кезде халықаралық ұйымға жұмысқа жіберуге, жұмыс мерзімі аяқталғаннан кейін қайтаруға, сондай-ақ жыл сайынғы ақы төленетін демалыс беруге, отбасы мүшелері бірінің қайтыс болуына байланысты көліктік шығыстар			
4.	Балаларды оқыту бойынша шығыстар, оның ішінде:			

1	2	3	4	5
	мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша шығыстар			
	бастауыш білім беру бойынша шығыстар			
	негізгі орта білім беру бойынша шығыстар			
	жалпы орта білім беру бойынша шығыстар			
5.	Өкілдік керек-жарак құнының жыл сайынғы ақшалай төлем			
6.	Әуежайлық, сақтандыру және комиссиялық алымдарды, сондай-ақ багажды алып өту үшін ақы төлеуге арналған шығыстар			
«Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 8, 9, 10, 11, 12 және 13-тармақтарында көзделген оқиғалар басталған кезде қосымша				
7.				
	Барлығы:			

Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесінің басшысы

(қолы)

Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесінің бухгалтері

(қолы)

(мөр, толтырылған күні)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
кейбір шешімдеріне және Қазақстан
Республикасы Премьер-Министрінің
кейбір өкімдеріне енгізілетін
өзгерістер мен толықтыруларға
5-қосымша

Қазақстан Республикасының
азаматтарын әскери қызметке
шақыруды ұйымдастыру
мен жүргізу қағидаларына
11-қосымша

Нысан

_____ облысы (қаласы) қорғаныс істері департаменті
бастығының 20____жылғы «____» _____ №____ бұйрығымен мерзімді
әскери қызметке шақырылған және _____ әскери бөліміне
(мекемесіне) жіберілген азаматтардың атаулы тізімі

Р/с №	А Ә Т	Ж С Н	Туған жылы, күні, айы	Ұлт ы	Білімі	Қай қорғаныс істері басқармасы (бөлімі) жіберді
1	2	3	4	5	6	7

Қосымша: № 065/у нысанындағы профилактикалық екпе картасынан
үзінді; есепке алу-қызметтік карта; медициналық кітапша; психологиялық
зерделеу нәтижесі.

Әскери билет	№ 065/у нысандағы профилактикалық екпе картасынан үзінді	Есепке алу- қызметтік карта	Медицинал ық кітапша	Психологиялық зерделеу нәтижесі

(құжаттар саны көрсетіледі)

Мерзімді әскери қызметке шақырылған саны _____ адамды, олардың құжаттарын (қосымшаға сәйкес) және жеке тамақтану рационын толық көлемде әскери бөлім (мекеме) өкіліне	_____ (әскери бөлім (мекеме) атауы, лауазымы, әскери атағы, инициалы, тегі) берген 20__ ж. __ № _____ сенімхатқа сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырылған саны _____ адамды, олардың құжаттарын (қосымшаға сәйкес) және жеке тамақтану рационын толық көлемде қабылдадым, шағымым жоқ. Әскери бөлім (мекеме) өкілі
_____ (әскери атағы, инициалы, тегі) тапсырдым. Қорғаныс істері департаменті бастығының орынбасары (әскерге шақыру жұмысы мәселелеріне жетекшілік ететін) – басқарма бастығы	_____ (әскери атағы, қолы, инициалы, тегі)
_____ (әскери атағы, қолы, инициалы, тегі) _____ (астана, облысы, республикалық маңызы бар қала) қорғаныс істері департаментінің бастығы М.О. _____ (әскери атағы, қолы, инициалы, тегі)	_____ (әскери бөлім нөмірі немесе мекеме атауы) әскери бөлімінің (мекемесінің) командирі (бастығы) М.О. _____ (әскери атағы, қолы, инициалы, тегі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
кейбір шешімдеріне және Қазақстан
Республикасы Премьер-Министрінің
кейбір өкімдеріне енгізілетін
өзгерістер мен толықтыруларға
6-қосымша

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан
берілетін тұрғын үйлерді
жекешелендіру қағидаларына
қосымша

Тұрғынжайды жекешелендіру туралы № ____ үлгі шарт

20__ жылғы «__» _____

_____ (әкімшілік-аумақтық бірліктің және елді мекеннің атауы)

_____ атынан

(жергілікті атқарушы органның атауы)

бұдан әрі «Меншік иесінің өкілі» деп аталатын _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)

және бұдан әрі «Сатып алушы» деп аталатын Қазақстан Республикасының
азаматы _____

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)

(бұдан әрі – «Тараптар» аталып) төмендегілер туралы осы шартты жасасты.

1-тарау. Шарттың мәні

1.1. (Бұл тармақ тұрғынжайды оның құнын өтеп алған жағдайда
толтырылады).

1) мына мекенжай бойынша орналасқан:

тұрғынжайға меншік құқығын Меншік иесінің өкілі береді, ал Сатып алушы
және онымен үнемі бірге тұратын, оның ішінде уақытша тұрмайтын отбасы
мүшелері _____

(отбасы мүшелерінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)

оның құнын 20__ жылғы «__» _____ дейін төлейді (тұрғынжай құны бөліп
төленген жағдайда төлем осы шартқа қосымшаға сәйкес тұрғынжай құнын төлеу
графикі бойынша жүргізіледі) және оны бірлескен ортақ меншікке алады;

2) тұрғынжай:

жалпы ауданы _____ м², оның ішінде тұрғын ауданы _____ м², тұрғын
емес ауданы _____ м²;

3) тұрғынжайды меншігіне алған соң кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіндегі үлес Сатып алушыға өтеді;

4) тұрғынжай құны _____ теңге сомасында деп белгіленеді; (цифрлармен және жазумен)

5) Сатып алушы тұрғынжай құнын _____ теңге сомасында (цифрлармен және жазумен)

күнгізбелік отыз күн ішінде төлейді, бұл 20__ жылғы «__» _____ № _____

(түбіртек, шот-фактура немесе төлем туралы чек)

құжатпен расталады не осы шартқа қосымшаға сәйкес тұрғынжай құнын төлеу графигі бойынша тұрғынжай құнын _____ жылға дейінгі мерзіммен бөліп төлейді;

6) тұрғынжайға меншік құқығы ол тіркеу органында тіркелген күнінен бастап туындайды.

Осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген тұрғынжай құнының толық төленуі тұрғынжайға меншік құқығының туындауы үшін негіз болып табылады.

1.2. (Бұл тармақ тұрғынжай өтеусіз берілген жағдайда толтырылады).

1) мына мекенжай бойынша орналасқан:

_____ тұрғынжайға меншік құқығын Меншік иесінің өкілі береді, ал Сатып алушы және онымен үнемі бірге тұратын, оның ішінде уақытша _____ тұрмайтын _____ отбасы _____ мүшелері

(отбасы мүшелерінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)
ортақ бірлескен жеке меншікке алады;

2) тұрғынжай:

жалпы ауданы _____ м², оның ішінде тұрғын ауданы _____ м², тұрғын емес ауданы _____ м²;

3) тұрғынжайды меншігіне алған соң кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіндегі үлес Сатып алушыға өтеді;

4) тұрғынжай құны _____ теңге (цифрлармен және жазумен)
сомасында белгіленеді;

5) тұрғынжайға меншік құқығы ол тіркеу органында тіркелген күнінен бастап пайда болады.

Осы Шартқа Тараптардың қол қоюы тұрғынжайға меншік құқығының пайда болуына негіз болып табылады.

2-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Меншік иесінің өкілі:

1) форс-мажорлық мән-жайлар туындаған жағдайларды, яғни еңсерілмейтін күш жағдайларын (дүлей апаттар немесе болжап білу немесе алдын алу мүмкін емес өзге жағдайлар), сондай-ақ ұрыс қимылдарын қоспағанда, өтініш беруші тұрғынжайдың құнын төлем графигі бойынша төлемеген жағдайда жергілікті атқарушы орган тұрғынжайды жекешелендіру

туралы шартты біржақты тәртіппен бұзады, оны бұзғанға дейін өтініш берушіні кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабардар етеді;

2) осы шарт бойынша төлемнің уақтылы және толық аударылуын бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

2.2. Сатып алушы:

1) тұрғынжайдың толық құнын төлеп не тұрғынжайды оның құнын өтеп алатын болса, _____ жыл мерзімге дейін бөліп төлеу арқылы жекешелендіруге; (бөліп төлеу мерзімі көрсетіледі)

2) тұрғынжай оның құны бөліп төлеу арқылы өтеліп алынатын болса, жекешелендірілетін тұрғынжай құнын мерзімінен бұрын өтеуге;

3) мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды пайдаланғаны үшін Меншік иесінің өкіліне тұрғынжайды жекешелендіру туралы шарт жасалған және ол бұзылғанға дейінгі уақыт аралығындағы төлем сомасын өтеп, өз бастамасымен осы шартты бұзуға құқылы.

2.3. Меншік иесінің өкілі:

1) осы шарт бойынша, оның ішінде _____ жылға дейін бөліп (бөліп төлеу мерзімі) төлеу тәртібімен тұрғынжай құнының төлемін қабылдауға;

2) тұрғынжайды жекешелендіру туралы тұрғынжай құнын бөліп төлеу көзделетін шарт бұзылатын болса, тұрғынжайды жекешелендіру туралы шарт жасалған және ол бұзылғанға дейінгі уақыт аралығында мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төленетін соманы шегеріп, тұрғынжай құнын өтеу үшін енгізілген соманы тұрғынжайды жекешелендіретін Қазақстан Республикасының азаматтарына қайтаруға;

3) тұрғынжайдың құны толық төленетін болса, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген, Сатып алушы тұрып жатқан тұрғынжайды оның меншігіне беруге (тұрғынжай оның құны өтеліп Сатып алынатын болса);

4) мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген, Сатып алушы тұрып жатқан тұрғынжайды оның меншігіне беруге (тұрғын үй өтеусіз алынатын болса) міндетті.

2.4. Сатып алушы:

1) тұрғынжайды оның құнын өтеп алған кезде тұрғынжай құнын күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде төлеуге;

2) тұрғынжайды оның құнын бөліп төлеу арқылы өтеп алған кезде күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде осы шартта белгіленген тұрғынжай құнының 10 (он) пайызынан кем болмайтын мөлшерде бастапқы жарна енгізуге, сондай-ақ осы шартқа қосымшаға сәйкес тұрғынжай құнын төлеу графигі бойынша тұрғынжай құнын төлеуге;

3) осы шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаларға бермеуге;

4) Меншік иесінің өкілі сұратқан кезде тұрғынжай құнының төленгенін растайтын құжаттарды ұсынуға;

5) тұрғынжайды өтеусіз алған кезде тұрғынжайды меншікке қабылдауға;

б) тұрғынжайды оның құнын өтеп алған кезде тұрғынжай құнын толық төлегеннен кейін тұрғынжайды меншігіне қабылдауға міндетті.

3-тарау. Басқа шарттар

3.1. Осы шарт Сатып алушы, Меншік иесінің өкілі үшін бірдей заңды күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада жасалды және ол Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

4-тарау. Тараптардың деректемелері мен қолдары

Меншік иесінің өкілі Сатып алушы

_____	_____
_____	_____
_____	_____

(деректемелері)

мөр орны (бар болса) (деректемелері)

Тұрғынжайды
жекешелендіру
туралы шартқа қосымша

Тұрғынжай құнын төлеу графигі

P/c №	Төленетін сома (теңгемен)	Төлеудің тиісті мерзімі (күні, айы, жылы)	Төлеудің нақты мерзімі (төлемді растайтын түбіртектің немесе құжаттың нөмірін көрсетіп)
1		20 жылғы « » қаңтар	20 жылғы « » №
2		20 жылғы « » ақпан	20 жылғы « » №
3		20 жылғы « » наурыз	20 жылғы « » №

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
кейбір шешімдеріне және Қазақстан
Республикасы Премьер-Министрінің
кейбір өкімдеріне енгізілетін
өзгерістер мен толықтыруларға
7-қосымша

Судьялыққа кандидаттардың
полиграфологиялық зерттеуден
өту қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Полиграфологиялық зерттеу туралы декларация

1-бөлім (тестілеу өткізілгенге дейін толтырылады)

1. Зерттелетін адамның Т.А.Ә.

Шағымы:

Көңіл-күйі:

Эмоциялық күйі:

Тестілеу сәтіндегі жалпы көңіл-күйі:

Жүрек-қан тамыры және тыныс жолдары қызметінің бұзылуына
байланысты сырқатының болуы туралы медициналық құжаттарының бар-жоғы:

2. Маған полиграфологпен әңгімелесу барысында:

1) әңгімелескен және полиграф қолданылатын тестілеу жүргізілген кезде
аудиовизуалды қадағалау және жазып алу жүргізілетіні;

2) үздіксіз тестілеу ұзақтығының 120 минутты құрайтыны және қажет
болған кезде 15 минутқа дейін демалыс берілетіні туралы ескертілді.

3. Сондай-ақ маған құқықтар мен зерттеудің міндеттері, полиграф
жұмысының қағидаты, тестілеу сұрақтарының тақырыбы түсіндірілді.

Зерттелетін адамның қолы

4. Алкогольге немесе есірткіге мас күйде емес екенімді растаймын.
Зерттелетін адамның қолы _____

5. Зерттеу жүргізу барысында аудармашының көмегі қажет емес.

Зерттелетін адамның қолы _____

Күні және уақыты 20 __ ж. «__» _____

«__» сағат «__» минут

2-бөлім (тестілеу өткізілген соң толтырылады)

Мен, _____,

(зерттелетін адамның Т.А.Ә.)

20 __ ж. «__» _____ сағат __ минуттан __ сағат __ минутқа дейін

(басталған уақыты) (аяқталған уақыты)

(зерттеудің негіздемесі көрсетіледі)

байланысты өткізілген полиграфологиялық зерттеу шеңберінде тестілеуден соң мыналарды растаймын:

1) тестілеу уақытында маған өзім алдын ала танысқан тақырыптағы сұрақтар қойылды;

2) жауап алу уақытында мен тестілеу рәсімдерін үзуге ниет білдірген жоқпын;

3) зерттеу рәсімдері және сұрақтардың мазмұны менің адамгершілік арнамысыма және қадір-қасиетіме нұқсан келтірген жоқ және қорлаған жоқ;

4) маған қатысты қауіп, зорлық және ықпал етудің өзге де заңсыз әдістері пайдаланылған жоқ;

5) тестілеу жүргізілген соң менің психикалық күйім және денсаулығым нашарлаған жоқ.

Ерекше пікір:

(қолы, Т.А.Ә.)

20 __ ж. «__» _____

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
кейбір шешімдеріне және Қазақстан
Республикасы Премьер-Министрінің
кейбір өкімдеріне енгізілетін
өзгерістер мен толықтыруларға
8-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің регламентіне
5-қосымша

**Үкіметтің 202 жылға арналған заң жобалау жұмыстары жоспарының
орындалу барысы, басым заңдардың жобаларын, сондай-ақ Президенттің,
Президент Әкімшілігінің және Премьер-Министрдің тапсырмаларынан
туындайтын заңдардың жобаларын дайындау, заңдар жобаларының
Үкіметте және Құрылтайда өтуі туралы 202_ ж. _____ жағдай бойынша
ақпарат**

1. Үкіметтің ағымдағы жылға арналған заң жобалау жұмыстары жоспарының орындалуы туралы ақпарат мыналарды қамтиды:

1) Үкіметтің заң жобалау жұмыстарының жоспарында көзделген заң жобаларының атауы (тармақ, әзірлеуші мемлекеттік орган, Әділет министрлігіне, Үкіметке және Құрылтайға енгізу мерзімі, орындалу барысы);

2) Құрылтайға жіберілген заң жобаларының атауы (тармақ, әзірлеуші мемлекеттік орган, Үкіметтің Құрылтайға енгізу туралы қаулысының күні, нөмірі);

3) Қазақстан Республикасының Президенті қол қойған заңдардың атауы (әзірлеуші мемлекеттік орган, қол қойылған күн).

2. Басым заңдардың жобалары бойынша ақпарат (Мемлекет басшысы заңдардың жобаларын басым деп айқындаған кезден бастап ұсынылады) мыналарды қамтиды:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы (тапсырманың нысаны, құжаттың нөмірі мен күні);

2) орындалу барысы (заң жобасының атауы, тармақ, әзірлеуші мемлекеттік орган, Құрылтайға енгізу мерзімі);

3) Құрылтайға жіберілген заң жобаларының атауы (тармақ, әзірлеуші мемлекеттік орган, аяқталу нысаны, орындау мерзімі);

4) Қазақстан Республикасының Президенті қол қойған заңдардың атауы (әзірлеуші мемлекеттік орган, қол қойылған күн).

3. Қазақстан Республикасы Президентінің, Президент Әкімшілігінің және Премьер-Министрдің тапсырмаларынан туындайтын заңдардың жобалары бойынша ақпарат мыналарды қамтиды:

1) заңдардың жобаларын (түзетулерді) әзірлеуді және/немесе қабылдауды көздейтін іс-шаралар саны көрсетілген Қазақстан Республикасы Президентінің, Президент Әкімшілігінің және Премьер-Министрдің тапсырмалары (тапсырманың нысаны, құжаттың күні мен нөмірі), олардың ішінде:

әзірленгені (заң жобасының атауы, тармақ, әзірлеуші мемлекеттік орган, аяқталу нысаны, орындау мерзімі);

орындалуда (заң жобасының атауы, тармақ, әзірлеуші мемлекеттік орган, аяқталу нысаны, орындау мерзімі);

Құрылтайға жіберілгені (заң жобасының атауы, тармақ, әзірлеуші мемлекеттік орган, аяқталу нысаны, орындау мерзімі, Құрылтайда орындалу барысы).

2) Қазақстан Республикасының Президенті қол қойған заңдардың атауы (әзірлеуші мемлекеттік орган, қол қойылған күн).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
кейбір шешімдеріне және Қазақстан
Республикасы Премьер-Министрінің
кейбір өкімдеріне енгізілетін
өзгерістер мен толықтыруларға
9-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің регламентіне
6-қосымша

**Келісуші мемлекеттік органның Қазақстан Республикасы заңының
жобасына ескертулері**

Заң жобасы құрылымдық элементінің №	Заң жобасын ың редакция сы	Заң жобасын келісуші мемлекеттік орган ұсынатын редакциясы	Өзірлеуші мемлекеттік органның негіздемесі	Келісуші мемлекеттік органның негіздемесі
1	2	3	4	5

Мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының немесе олар уәкілеттік
берген лауазымды тұлғалардың қолдары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
кейбір шешімдеріне және Қазақстан
Республикасы Премьер-Министрінің
кейбір өкімдеріне енгізілетін
өзгерістер мен толықтыруларға
10-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің регламентіне
7-қосымша

Қазақстан Республикасы Заңының жобасына АНЫҚТАМА ПАРАҚ

1.	Заң жобасының бастамашысы (органның толық атауы)	
2.	Заң жобасын дайындау жөніндегі жұмыс тобының құрамы	
3.	Заң жобасы бойынша бас комитет	
4.	Заң жобасының Қазақстан Республикасының Құрылтайында тіркелген күні	
5.	*Қазақстан Республикасы Құрылтайының тұрақты комитеттерінің заң жобасы бойынша қорытындылары	
6.	*Заң жобасының ғылыми сараптамасы	
	*Ғылыми сараптама қорытындысының қабылданған және қабылданбаған ескертулері	
	*Ғылыми сараптама қорытындысының ескертулерін қабылдамау себептерінің негіздемесі	
7.	*Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, сараптамалық кеңестер мүшелерінің сараптамалық қорытындылары	
	*Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, сараптамалық кеңестер мүшелерінің сараптамалық қорытындыларының қабылданған және қабылданбаған ескертулері	
	*Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, сараптамалық кеңестер мүшелерінің сараптамалық қорытындысының ескертулерін қабылдамау себептерінің негіздемесі	
8.	Реттеушілік әсерге талдау жүргізу нәтижелері туралы ақпарат (бар болса)	
9.	*Заң жобасын пысықтау процесінде енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар	
10.	Заң жобасы бойынша баяндама жасау кімге тапсырылды	
11.	Балама жобалардың бар-жоғы	
12.	Қазақстан Республикасы Құрылтайының заң жобасын бірінші оқылымда қараған күні және оның нәтижелері	

13.	Заң жобасын пысықтау және оны екінші оқылымға дайындау тапсырылған бас комитет (комиссия), басқа орган	
14.	Заң жобасын халық талқылауына шығару және оның мерзімдері	
15.	Комитеттің заң жобасы бойынша қорытындысы (екінші оқылымның алдында)	
16.	Қазақстан Республикасы Құрылтайының заң жобасын екінші оқылымда қараған күні және оның нәтижелері	
17.	Заңның күшіне енетін уақыты	
18.	Өзге де шарттар	

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
кейбір шешімдеріне және Қазақстан
Республикасы Премьер-Министрінің
кейбір өкімдеріне енгізілетін
өзгерістер мен толықтыруларға
11-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің регламентіне
8-қосымша

**Қазақстан Республикасының Құрылтайында заң жобасын сүйемелдеуге
жауапты тұлғалардың дербес құрамы**

Р/с №	Қазақстан Республикасының Құрылтайында заң жобасын сүйемелдеуге жауапты тұлғаның Т.А.Ә. (бар болса)	Қазақстан Республикасының Құрылтайында заң жобасын сүйемелдеуге жауапты тұлғаның лауазымы
Жұмыс топтары		
1.		- Департамент директоры немесе Комитет төрағасы
2.		- Департамент директоры немесе Комитет төрағасы
...		
Бас комитеттердің отырыстары		
1.		- бірінші басшының орынбасары
2.		- бірінші басшының орынбасары
...		
Жалпы отырыстар		
1.		- орталық мемлекеттік органның бірінші басшысы
2.		- орталық мемлекеттік органның бірінші басшысы
3.		- орталық мемлекеттік органның бірінші басшысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
кейбір шешімдеріне және Қазақстан
Республикасы Премьер-Министрінің
кейбір өкімдеріне енгізілетін
өзгерістер мен толықтыруларға
12-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің регламентіне
9-қосымша

Қазақстан Республикасының
Құрылтайы

**Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттары/Қазақстан
Халық Кеңесі бастама жасаған «_____» Қазақстан Республикасы
Заңының жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттары/Қазақстан Халық Кеңесі бастама жасаған «_____» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қарап, Қазақстан Республикасының Үкіметі мынаны хабарлайды.

1. Заң жобасының сипаттамалық бөлігі

Бұл бөлікте заң жобасын әзірлеудің негізділігіне, уақтылығына, орындылығы мен қажеттігіне баға беріледі.

Заң жобасын бағалаған кезде мына факторлар ескеріледі:

1) заң жобасында қолданыстағы заңнамамен реттеліп қойған құқықтық қатынастар регламенттелмеуге тиіс;

2) заң жобасы құқықтың негіз қалаушы қағидаттарына қайшы келмеуге тиіс;

3) заң жобасының реттеу нысанасы Қазақстан Республикасы Конституциясының 60-бабының 3-тармағында көрсетілген қоғамдық қатынастарға сәйкес келуге тиіс.

2. Мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты ұлғайтуды көздейтін нормалар туралы мәліметтер

Қорытынды жобасында мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты ұлғайтуды көздейтін нормалар туралы мәліметтер қамтылуға тиіс. Егер тұтас заң жобасы немесе оның жекелеген бөлігі мемлекеттік бюджеттің шығыс бөлігін ұлғайтуына немесе кіріс бөлігін қысқартуына байланысты қолдау таппайтын болса, Республикалық бюджет

комиссиясының осындай шығын қолдау таппаған отырысы хаттамасының нөмірі мен күні көрсетіледі.

Мемлекеттік кірістің қысқару немесе мемлекеттік шығыстың ұлғаю ықтималдығы бөлігінде қаржы-экономикалық есеп-қисаптар бар болса, әзірлеуші мемлекеттік орган оларды қорытынды жобасына қоса береді.

3. Заң жобасы бойынша Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның шешімі туралы мәліметтер *.

* Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысы хаттамасының күні мен нөмірі және заң жобасы бойынша қабылданған шешім.

4. Заң жобасы бойынша Үкіметтің ұстанымы:

1) мемлекеттік органдардың ұстанымдары және Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның шешімі ескеріле отырып, Үкіметтің заң жобасы бойынша жалпы ұстанымы баяндалады (қолдау табады/қолдау таппайды)

2) заң жобасының жекелеген құрылымдық элементтері немесе өзара байланысқан ережелерінің тобы бойынша ескертулер мен ұсыныстар дәйекті түрде және ұсынымдық нысанда баяндалады **.

** Егер заң жобасы қолданыстағы заңдарға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді көздесе, онда ескертулер мен ұсыныстар салыстырмалы кестенің ұстанымдары бойынша жазылады.

Бұл ретте:

құрылымдық элементтің қолдау таппайтын бөлігі (салыстырма кестенің позициясы) нақты көрсетіледі;

Конституцияға, өзге заңдарға, Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына, басқа да құжаттарға қайшылығы көрсетіліп, заң жобасын тұтастай немесе оның жекелеген бөлігін қабылдамаудың объективті себептеріне сілтеме жасалып, Үкімет ұстанымының негіздемесі қысқаша көрсетіледі;

заң жобасын тұтастай немесе оның бір бөлігін қабылдамаудың өзге де себептері көрсетіледі (Президент тапсырмаларына, нақты салада жүргізіліп жатқан саясатқа, заң жобасының мақсаттарына сәйкес келмеуі және басқа);

қажет болған жағдайда Үкімет құрылымдық элементтің редакциясын ұсына алады. Бұл ретте «ішінара қолдау тапты» деп көрсетіледі.

5. Іске асыру үшін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні қабылдау талап етілетін нормалар туралы мәселенің сипаты көрсетілген мәліметтер (бар болса) ***:

*** Өзгерістер енгізу не жаңа редакцияда әзірлеу талап етілетін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің нақты атаулары көрсетіледі.

Баяндалғанның негізінде Заң жобасын Қазақстан Республикасының Құрылтайында Үкіметтің осы қорытындысын ескере отырып одан әрі қарауға болады деп пайымдаймыз.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
кейбір шешімдеріне және Қазақстан
Республикасы Премьер-Министрінің
кейбір өкімдеріне енгізілетін
өзгерістер мен толықтыруларға
13-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің регламентіне
11-қосымша

Қазақстан Республикасының
Құрылтайы

**Қазақстан Республикасының Үкіметі/Құрылтайының
депутаттары/Қазақстан Халық Кеңесі бастама жасаған
«_____» Қазақстан Республикасы
Заңының жобасы бойынша Қазақстан Республикасының Құрылтайы
депутаттарының түзетулеріне Қазақстан Республикасы Үкіметінің
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Қазақстан Республикасының Үкіметі/Құрылтайының
депутаттары/Қазақстан Халық Кеңесі бастама жасаған
«_____» Қазақстан Республикасы Заңының
жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарының
түзетулерін қарап, Қазақстан Республикасының Үкіметі мынаны хабарлайды.

1. Құрылтай депутаттары ұсынатын, Үкімет қолдайтын түзетулердің жеке
немесе өзара байланысқан топтар бойынша қысқаша мазмұны *.

* Егер қолдау табатын түзетулер мемлекеттік бюджеттің шығыс бөлігінің
ұлғаюына немесе кіріс бөлігінің қысқаруына әкелетін болса, онда
Республикалық бюджет комиссиясының осындай шығындар мақұлданған
отырысы өткізілген хаттамасының нөмірі мен күні көрсетіледі.

2. Қолдау табатын түзетулер көрсетіледі.

3. Ескертулер мен ұсыныстар бар түзетулер.

Түзетулердің мазмұны олардың мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына
сәйкестігі, түзетулердің қандай нысаналы топқа бағытталғаны (түзетулер
қозғайтын нысаналы топтарды сипаттау: азаматтар, кәсіпорындар, ұйымдар,
мемлекет) сипатталып, әлеуметтік-экономикалық дамуға, ішкі саяси
тұрақтылыққа, діни қызметке, бірыңғай ақпараттық кеңістіктің қауіпсіздігіне
әсері туралы мәліметтер сипатталып, мына нұсқалардың бірі көрсетіліп қысқаша
жазылады:

(ішінара қолдау табады/қолдау таппайды).

Мемлекеттік органдардың ұстанымдары ескерілген ескертулер мен ұсыныстар әрбір түзету бойынша жеке немесе өзара байланысқан түзетулер тобы бойынша дәйекті түрде жазылады және ұсынымдық нысанда көрсетілуге тиіс, бұл ретте:

1) егер түзету ішінара қолдау тапса, түзетудің сол бөлігі нақты көрсетіледі;
2) Конституцияға, өзге де заңдарға, Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына, басқа да құжаттарға қайшылығы көрсетіліп, түзетуді тұтастай немесе оның бір бөлігін қабылдамау себептеріне сілтеме жасалып, Үкімет ұстанымының негіздемесі қысқаша көрсетіледі;

3) түзетуді қабылдамаудың өзге себептері көрсетіледі (Президент тапсырмаларына, нақты салада жүргізіліп жатқан саясатқа, заң жобасының, оның ішінде оның консультативтік құжатының мемлекеттік шығыстың ұлғаюын немесе мемлекеттік кірістің қысқаруын көздейтін өзгеруіне байланысты мақсаттарына сәйкес келмеуі);

4) егер түзетулер мемлекеттік бюджеттің шығыс бөлігін ұлғайтуына немесе кіріс бөлігін қысқартуына байланысты қабылданбаса, онда Республикалық бюджет комиссиясының осындай шығын қолдау таппаған отырысы хаттамасының нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) қажет болған жағдайда Үкімет түзету редакциясын ұсына алады **.

** Түзету редакциясын салыстырма кестенің депутаттардың түзетулері қозғайтын немесе мазмұны бойынша олармен тікелей байланысты позициялары бойынша ғана ұсынуға болады.

4. Иске асыру үшін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні қабылдау талап етілетін нормалар туралы мәселенің сипатын көрсетілген мәліметтер (бар болса) ***:

*** Өзгерістер енгізу не оларды жаңа редакцияда әзірлеу талап етілетін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің нақты атаулары көрсетіледі.

Баяндалғанның негізінде Заң жобасын Қазақстан Республикасының Құрылтайында Үкіметтің осы қорытындысын ескере отырып одан әрі қарауға болады деп пайымдаймыз.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
кейбір шешімдеріне және Қазақстан
Республикасы Премьер-Министрінің
кейбір өкімдеріне енгізілетін
өзгерістер мен толықтыруларға
14-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің регламентіне
12-қосымша

**Қазақстан Республикасының Құрылтайы қабылдаған және
Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне қолын қойып бекітуге
жіберілетін заң бойынша қорытынды**

1. Заңды қабылдау негіздемесі.
 2. Заңды қабылдау мақсаттары.
 3. Заңды іске асырудың әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдары.
 4. Құрылтай депутаттарының түзетулері туралы мәліметтер.
 5. Құрылтай депутаттарының түзетулері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қорытындысы туралы мәліметтер.
 6. Республикалық және жергілікті бюджет және (немесе) Ұлттық қор түсімдерінің қысқаруы немесе шығыстарының ұлғаюы туралы мәліметтер.
 7. Қабылданған заңның Қазақстан Республикасының Конституциясына, қолданыстағы заңдарға, сондай-ақ Құрылтай қабылдаған, бірақ Қазақстан Республикасының Президенті қол қоймаған немесе қолданысқа енгізілмеген заңдарға сәйкестігі туралы ақпарат.
 8. Заңды Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің қолын қойып бекітудің мүмкіндігі туралы қорытынды.
-

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
кейбір шешімдеріне және Қазақстан
Республикасы Премьер-Министрінің
кейбір өкімдеріне енгізілетін
өзгерістер мен толықтыруларға
15-қосымша

Әлеуметтік кәсіпкерлік
субъектілері үшін мемлекеттік
гранттар беру қағидаларына
3-қосымша

Нысан

**Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері үшін мемлекеттік грант беруге
арналған конкурстық іріктеуге қатысуға өтінім**

облысы (астана, республикалық маңызы бар қала)

(заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Ұсынылған материалдарды қарауды сұраймын және әлеуметтік кәсіпкерлерге бизнес-идеяларды іске асыру үшін (өз бизнесін құруға) мемлекеттік грант беруге арналған конкурстық іріктеуге қатысатыным туралы мәлімдеймін.

1. Өтінім беруші туралы мәліметтер:

заңды тұлға үшін:

атауы _____

бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) _____

басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

басшының жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) _____

мекенжайы _____

телефон (факс) нөмірі _____

жеке тұлға, жеке кәсіпкер үшін:

атауы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

ЖСН _____

жеке басын куәландыратын құжат:

нөмірі _____

кім берген _____

берілген күні _____

мекенжайы _____

телефон (факс) нөмірі _____

Жеке тұлға, жеке кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарлама:

орналасқан жері _____

хабарлама күні _____

2. Кәсіпкердің екінші деңгейдегі банкте ағымдағы шотының болуы туралы мәліметтер:

Банк деректемелері: _____

Банктің атауы: _____

БСК _____

ЖСК _____

БСН _____

Кбе _____

3. Сұратылатын ақша қаражаты, барлығы, мың теңге _____;

оның ішінде жылдар бойынша:

Р/с №	Жыл	Сума, теңге	Мақсаты (бизнес-жобаны егжей-тегжейлі аша отырып)
1			
2			

Мыналарды:

1) бұрын берілген кредиттер (қарыздар) бойынша мерзімі өткен берешегім жоқ екенін;

2) осы өтінімдегі мәліметтер, сондай-ақ өңірлік үйлестіруші талап еткен барлық құжаттар осы Мемлекеттік гранттар беру қағидалары шеңберінде мемлекеттік гранттар беру үшін ғана ұсынылғанын растаймын.

Мен:

1) өңірлік үйлестірушінің алғаш талабы бойынша осы өтінімді қарау шеңберінде талап етілген банктік және коммерциялық құпияны қамтитын кез келген ақпарат пен құжаттарды беруге және ашуға;

2) өтінімде көрсетілген деректер өзгерген жағдайда өңірлік үйлестірушіні дереу хабардар етуге кепілдік беремін.

Мен:

1) өңірлік үйлестіруші мен конкурстық комиссияның ұсынылған мәліметтерді тексеруіне жол берілетінімен;

2) өңірлік үйлестірушінің көрсетілген деректердің анықтығын тексермеуіне жол берілетінімен;

3) көрсетілген деректер мен ақпараттың анық емес екені анықталған жағдайда осы өтінім қаралып жатқан кез келген кезеңде қабылданбайтынымен;

4) өңірлік үйлестірушінің осы өтінімде көрсетілген мәліметтерді, ақпаратты және кәсіпкер ұсынған құжаттарды мүдделі үшінші тұлғаларға (ақпарат алу құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген), сондай-ақ кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органға, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға,

«Бәйтерек» ұлттық инвестициялық холдингі» акционерлік қоғамына беруге құқылы екенімен;

5) өңірлік үйлестірушінің кәсіпкер өзі туралы хабарлайтын кез келген ақпаратты тексеру құқығын өзіне қалдыратынымен, ал кәсіпкер ұсынған құжаттар мемлекеттік грант ұсынылмаса да, өңірлік үйлестірушіде сақталатынымен;

6) өңірлік үйлестірушінің осы өтінімді қарауға қабылдауы, сондай-ақ кәсіпкердің ықтимал шығыстары (мемлекеттік грант алу үшін қажетті құжаттарды ресімдеуге) өңірлік үйлестірушіні мемлекеттік грант беруге немесе кәсіпкерге келтірілген шығасыларды өтеуге міндеттемейтінімен келісемін.

Конкурстың шарттарымен және Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері үшін мемлекеттік гранттар беру қағидаларымен таныстым.

Ұсынылған ақпараттың анықтығын растаймын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анық мәліметтер ұсынбағаным үшін жауаптылық туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректер мен өзге де ақпаратты жинауға, өңдеуге, сақтауға, жүктеп шығаруға және пайдалануға келісім беремін.

Өтінім беруші қол қойып, 20__ жылғы «__» _____ сағат 00:00-де жіберді:

ЭЦҚ деректері

ЭЦҚ қойылған күні мен уақыты

Өтінімді қабылдау туралы хабарлама:

Өңірлік үйлестіруші 20__ жылғы «__» _____ сағат 00:00-де қабылдады:

ЭЦҚ деректері

ЭЦҚ қойылған күні мен уақыты.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
кейбір шешімдеріне және Қазақстан
Республикасы Премьер-Министрінің
кейбір өкімдеріне енгізілетін
өзгерістер мен толықтыруларға
16-қосымша

Инженерлік инфрақұрылым жүргізу
қағидаларына 3-қосымша

Нысан

**Жетіспейтін инженерлік инфрақұрылымды қаржыландыруға
арналған конкурстық іріктеуге қатысуға электрондық өтінім**

1. _____ облысында (астанада, республикалық маңызы бар қалада).

_____.
(заңды тұлғаның толық атауы, жеке кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

2. Жетіспейтін инженерлік инфрақұрылымды қаржыландыруға арналған конкурстық іріктеуге қатысу туралы ұсынылып отырған материалдарды қарауды сұраймын.

3. Өтініш беруші туралы мәліметтер:

заңды тұлға үшін:

атауы _____

БСН _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

басшының ЖСН _____

мекенжайы _____

телефон (факс) нөмірі _____

дара кәсіпкер үшін:

атауы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

ЖСН _____

жеке басын куәландыратын құжат:

нөмірі _____

кім берді _____

берілген күні _____

мекенжайы _____

телефон (факс) нөмірі _____

Дара кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарлама:

орналасқан жері _____

хабарланған күні _____ .

4. Кәсіпкердің екінші деңгейдегі банкте ағымдағы шотының болуы туралы мәліметтер:

Банк деректемелері: _____

Банктің атауы: _____

БСК _____

ЖСК _____

БСН _____

Кбе _____

5. Жоба туралы мәліметтер:

жобаның атауы _____

жобаның қысқаша сипаттамасы _____

жоба іске асырылатын жер _____

қызметтің бейінді бағыты (*жоба облыс орталықтарында, Астана, Алматы, Шымкент және Семей қалаларында іске асырылған жағдайда толтырылады):

қажетті инфрақұрылым түрі _____

инфрақұрылымды жүргізу немесе жақсарту қажеттігінің негіздемесі

құрылыстың құны, мың теңге _____

жобаның құны (инвестиция), мың теңге _____

салық салу жүйесі: _____

экономика саласын көрсету: _____

экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші

(ЭҚЖЖ): _____

жалдамалы жұмыскерлер саны _____

6. Жоба бойынша күтілетін экономикалық әсер:

Р/с №	Жылдар	Факт	Болжам		
		ағымдағы жыл	1-ші жыл	2-ші жыл	3-ші жыл
1	2	3	4	5	6
1	Құрылатын жұмыс орындарының саны, адам				
2	Салық түріндегі түсімдер сомасы, мың теңге				
3	Шығарылатын өнімнің көлемі, мың теңге				

7. Берілген құжаттар туралы мәліметтер:

Р/с №	Құжаттың атауы	Электрондық файлдың атауы (pdf форматында)
1	2	3

1	Бизнес-жоспар	
2	Жобаның ТЭН-і	
3	Жоба бойынша жобалау-сметалық құжаттама	

Мыналарға:

1) өңірлік үйлестірушінің алғаш талабы бойынша осы өтінімді қарау шеңберінде талап етілген банктік және коммерциялық құпияны қамтитын кез келген ақпарат пен құжаттарды беруге және ашуға;

2) өтінімде көрсетілген деректер өзгерген жағдайда өңірлік үйлестірушіні дереу хабардар етуге міндеттенемін.

Мен:

1) өңірлік үйлестіруші мен ӨҮК ұсынылған мәліметтерге тексеру жүргізілетінмен;

2) өңірлік үйлестіруші көрсетілген деректердің дұрыстығын тексеруге міндетті емес екенімен;

3) осы өтінімде қамтылған мәліметтер, сондай-ақ барлық талап етілген құжаттар жетіспейтін инженерлік инфрақұрылымды қаржыландыру үшін ғана ұсынылғанымен;

4) көрсетілген деректер мен ақпараттың анық еместігі анықталған жағдайда осы өтінім оны қараудың кез келген кезеңінде қабылданбайтынымен;

5) өңірлік үйлестіруші осы өтінімде көрсетілген мәліметтерді, ақпаратты және кәсіпкер ұсынған құжаттарды мүдделі үшінші тұлғаларға (ақпарат алу құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген), сондай-ақ кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органға, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға, «Бәйтерек» ұлттық инвестициялық холдингі» акционерлік қоғамына ұсынатынымен;

6) өңірлік үйлестірушінің осы өтінімді қабылдауы, сондай-ақ кәсіпкердің ықтимал шығыстары (қажетті құжаттарды ресімдеуге және т.с.с.) өңірлік үйлестірушінің қаржыландыруды беру немесе кәсіпкер шеккен шығыстарды өтеу міндеттемесі болып табылмайтынымен келісемін.

Конкурс шарттарымен және Инженерлік инфрақұрылым жүргізу қағидаларымен таныстым.

Ұсынылған ақпараттың анықтығын растаймын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анық мәліметтер ұсынбағаным үшін жауаптылық туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректер мен өзге де ақпаратты жинауға, өңдеуге, сақтауға, жүктеп шығаруға және пайдалануға келісім беремін.

Өтініш беруші 20__ жылғы «__» _____ сағ. 00:00 қол қойып, жіберді:

ЭЦҚ деректері

ЭЦҚ қойылған күні мен уақыты

Өтінімді қабылдау туралы хабарлама:

Өңірлік үйлестіруші 20__ жылғы «__» _____ сағ. 00:00-де қабылдады:

ЭЦҚ деректері
ЭЦҚ қойылған күні мен уақыты.
